



Оқушылар
сарайы



Аяния өсімдігінің эфир майымен безеуге қарсы жақпа май дайындау

ОРЫНБАСАРОВА АЙГЕРІМ

Жетекшісі: химия ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD), “Химик-зерттеуші” үйірмесінің жетекшісі
Сүлеймен Ерлан Мәлсұлы

Астана қаласы 2015 жыл

Мақсаты: Аяния өсімдігінен бөлініп алынған эфир майын қосып, безеуге қарсы жақпа май жасау.

Зерттеу өзектілігі: Қазақстанда өсетін аяния өсімдігінің эфир майын қосып, жақпа май алу.

Сатылар:

1. Аяния шөбінен эфир майын бөліп алу.
2. Безеуге қарсы компоненттерді аналитикалық таразымен өлшеу.
3. Кейбір компоненттерді үгіту.
4. Колбада компоненттерді қосып 90°C та 30 минут бойы қайнату.
5. Дайындалған қоспаны суытып, оған аяния эфир майын қосу.
6. Дайындалған жақпа майын арнайы пішінге салу.

Әдістер: Таразымен өлшеу, үгіту, эфир майын бөліп алу, араластыру.

Зерттеудің жаңалығы және өзіндік жұмыс үлесі: Алғаш рет жақпа майына Қазақстанда өсетін өсімдіктің эфир майын қосып жақпа май алдық.

Жұмыстың нәтижесі және қорытынды: Көптеген қондырғы арқылы жұмыс істеуді үйрендім, әрбір іске мұқият қарап, және эфир майын алып, жақпа май жасауды үйрендім.

Нәтижелерді қолданудың практикалық аймағы: Алынған өнімді әрбір адам безеуге қарсы пайдаланса деймін.



- Қазіргі таңда шет елдің жақпа майларын пайдаланудамыз. Олардың бағасы өздеріңіз білетіндей қымбат. Сондықтан да неге өзіміздің отандық өнімді пайдаланбасқа?! Сөйтіп, Қазақстанда өсетін аяния өсімдігінен эфир майын алып, Қазақстандық өнімді пайдалану туралы ой келді.



- *Ajania бұта* (*Ajania fruticulosa*) – биіктігі 30-80 см болатын көпжылдық өсімдік. Сабақтары түктерінде сүректенбейді, қалың жапырақты, ортаңғы және жоғарғы сабақтары сағақты. Жапырақтары сұр-жасыл түсті болып келеді. Бұталы тоғайда, далалы жерде, бұталар арасында өседі және ұсақ гүлдейді.

Безеу

Қазіргі таңда жасөспірімдердің және орта жастағы жастардың денелеріне безеу шығу өте көп кездеседі. Әрине табиғат заңдылығына байланысты болса да, оны емдеудің басты жолы – адамның жеке бас тазалығы мен арнайы күтімі.

Әдетте безеу жасөспірім кезеңнен басталғанымен, ол май бездерінің ұзақ уақытқа созылуы мен қабынуынан пайда болады. Тіпті кейбір жағдайларда безеу әйелдердің де, еркектердің де бойынан 30-40 жастарында көрініс табуы ғажап емес. Кейде безеу жасөспірім шақтан орта жасқа дейін ұзақ жылдар бойы жалғасуы мүмкін. Безеу майлы теріде көп пайда болады. Оны елемеу немесе дұрыс емдемеу салдарынан терінің бүлінуі мүмкін (орны қалып қояды).



Безеуге қарсы жақпа майының компоненттік құрамы:

- Күкірт - 1,5 г
- Ланолин – 15 г
- Тимол - 0,15 г
- Бадам майы - 12,36 г
- Эфир майы – 500 мл

№2 рецепт


- Вазелин – 4,5 г
- Поташ – 1,5 г
- Күкірт - 1,5 г
- Эфир майы – 450 мл




Эфир майын алу




Шығыс Қазақстан өңірінде жиналған *Ajanía* өсімдігінен эфир майын алу үшін 2 л таза колбаға алдын-ала өлшеніп алынған өсімдіктің 100 г гүлдері мен жапырақтарынан салдық. Оған 1 л дистилденген су құйып, жақсылап араластырып Клевенджер аппаратында 2 сағат бойы су дистилляциясы арқылы эфир майын алдық. Жиналған эфир майын натрий сульфатымен құрғатып, массасын өлшеп, шығымын таптым.




Безуге қарсы компоненттерді аналитикалық таразымен өлшеу



Кейбір компоненттерді үгіту



Қайнату процесі



Компоненттерді колбада араластырып, 30 минут бойы 90°C та қайнату

Эфир майын қосу процесі



Дайындалған қоспаны суытып, оған аяния эфир майын қосу

Дайындалған жақпа майы арнайы пішінге салу



Дайын болған жақпа май




Жасау барсында

- Алдымен күкіртті ланолинмен араластырып, 30 минут бойы 90°C -та қыздырамыз. Содан соң қалған қоспаларды қосамыз.



Пайдалану нұсқаулығы

- Жақпас алдында адамға аллергиялық реакциясы жоқ екендігіне көз жеткізіп алу үшін, 30 минуттай қолыңызға жағып көріңіз.
- Жақпа майды сабынмен таза етіп жуылған бетке, безеу үстіне жағып, 30 мин ұстап, кейін жуамыз.
- Шараны күніне 2-3 рет қайталауға болады.
- Тері қатты түлеуі мүмкін.
- **Нәтижесі:**



Қорытынды

- **Неліктен безеуге қарсы жақпа май?** Мен адамдардан сұхбат алғанда олардың көбісі, әсіресе менің жасымдағы балалар бет терісіндегі безеу проблемасы қатты алаңдататынын айтты. Сөйтіп, ағай екеуміз бұл мәселені барынша шешуге тырыстық. Шешімін таптық. Сөйтіп қазақ даласында өсетін аяния өсімдігінің дезинфекциялық, безеуді туындататын бактерияларды кетіретін қасиетін ала отырып, безеуге қарсы жақпа май жасадым. Бұл жақпа майда Қазақстанда өсетін аяния өсімдігінен эфир майын алу арқылы жасөспірімдерге және ересектерге арналған безеуге қарсы жақпа май шығардым. Меніңше, әрбір бала өзіміздің елімізден шығарылған жақпа майды пайдаланса жақсы болар еді. Себебі біз жастар отандық табиғи өнімдерімізді пайдалансақ өзімге сапасы жағынан да, қаражат жағынан да тиімді болар еді. Саулық қайда, сұлулық сонда демекші бет терімізді күтіп ұстайық.



Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Фридман Р.А. Технология косметики изд-во пищ. пром-сти, 1984.
2. Горяев М.И. Эфирные масла флоры СССР. Сүлейменов Е.М., Әдікенов С.М., Атажанова Г.А. 1952
- 3.Антибактериалды белсені бар *Ajania fruticulosa* (Ldb.) Poljak эфир майы алудың әдісі. Патент ҚР N2001/1274.1 10.10.2001.

Назарларыңызға рахмет!

- Аяния өсімдігін жинаған тәлімгеріме және ұстаздарыма алғысымды білдіремін.

